

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016»** атты  
XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»**

---

PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір  
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2016»  
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XI Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS  
of the XI International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2016»**

**2016 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**Ғ 96**

**Ғ96** «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – .... б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-764-4**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**ӘӨЖ 001:37(063)**

**КБЖ 72:74**

**ISBN 978-9965-31-764-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

позволяет его, а не моя, концепция и его цели. Выходит, что свобода слова медленно, но верно убивает само Слово? За последний десяток лет профессия журналиста сильно опростилась. Но главного в ней никто не отменял: быть профессионалом, значит, быть компетентным... То есть, опять - книжки читать - куда ж без них? И не Мураками в России, а все-таки Достоевского, Чехова, Пушкина. И думать, думать...

«Наложи дверь и замки на уста свои, - говорит Иисус Сирах, - растопи золото и серебро, какое имеешь, дабы сделать из них весы, которые взвешивали бы твое слово, и выковать надежную узду, которая бы держала твои уста» (2) .

Надо бы попробовать!

#### **Список использованных источников**

1. Анисимов А. И больше века длится жизнь. - «Литературная газета» - 6329 (№25 2011). <http://detectivebooks.ru/book/22473181/?page=>
2. Бунин Иван Алексеевич. Воспоминания. Чехов  
[http://www.velib.com/book.php?avtor=b\\_910\\_1&book=130\\_18\\_7](http://www.velib.com/book.php?avtor=b_910_1&book=130_18_7)

ӘОЖ 811. 512. 122'373.

### **ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ КЕҢІСТІГІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ**

**Хасанова Марина**

[zhur.enu@mail.ru](mailto:zhur.enu@mail.ru)

ЕҰУ-дің Журналистика және саясаттану факультетінің 1 курс магистранты,  
Астана Қазақстан

Ғылыми жетекші – А.Бейсенқұлов

Интернеттің қазақстандық сегменті баяу болса да, дамуын тоқтатпай келе жатыр: тіркелген домендер мен сайттардың саны күн сайын артуда. Одан басқа интернет-қызметтер мен интернет-жарнамалар нарығы өз тұтынушысын тауып жатыр. Интернет қолданушылардың қатарында негізінен жастар, олар интернетті көңіл-көтереру және әңгімелесу мақсатында пайдаланады. Алайда отандық сайттардан гөрі шетелдік интернет ресурстарда көп уақытын өткізеді.

Қазақстанның заңнамалық негізі виртуалды кеңістіктегі барлық іс-әрекетті қатаң реттейді. Интернет ресурстардың барлығы дәстүрлі масс медиа сияқты заң бұзғаны үшін қылмыстық, азаматтық және әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Олардың статусы бұқаралық ақпарат құралдарына теңестірілді. Қазнеттегі ақпараттың таратылуын реттейтін заңнамалық негіздерді білмей отырып, Қазақстандағы интернет бұқаралық ақпарат құралдары мен жаңа медианың бүгінгі қалпының объективті бейнесі құрастыру қиын. Қазнеттегі медиасфераны реттеу жеңіл жұмыс емес. Жағдай мынада, 2009 жылдың 10 шілдесінде қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізінде, барлық интернет-ресурстар - веб-сайттар, чаттар, блогтар, интернет-дүкендер, электрондық кітапханалар және т.б. дәстүрлі БАҚ атқаратын барлық қылмыстық, азаматтық, және әкімшілік жауапкершілікті тең дәрежеде тартады.

Интернет кеңістігінің басты қолданушылары оның аудиториясы болып табылады. Онсыз оның мақсаты айқындалмайды, оның пайдасы да тимейді. Сондықтан, интернет аудиторияның сипаттасын қарастырып көретін болсақ, «Ай-си-ти Маркетинг» агенттігінің мәліметтері бойынша 2010 жылдың ішінде 41% 16 жастан жоғары Қазақстанның қала тұрғындары және 19% 16 жастан жоғары ауыл тұрғындары Интернетті қолданады.

Қазақстандықтардың 94% Интернетті айына бірнеше рет пайдаланады. Сол зерттеудің нәтижесі бойынша, негізгі қолданушыларды жастар құрайды. 70 мыңнан астам халқы бар қалаларда 16-24 жас аралығында 66%, 25-44 арасында 52%, 45-54 жас аралығында халықтың 35% және 55 жастан асқан пайдаланушылардың оннан бір бөлігі интернетті қолданады.

Әлемде Интернет дами бастағаннан кейін мәтін жазудың қажеттілігі пайда болды. Тіл мамандары журналистиканың ерекше түрін, нақтырақ айтқанда интернет журналистиканы атап көрсетті. Онымен айналысатын адам журналист болуы шарт емес. Ең маңыздысы, қандай да бір материалды жазған кезде, оның қоғамға қандай пайдасы тиетінін ескеру. Жеңіл жұмыс сияқты көрінгенмен, ақпарат беруші өз бойына сарапшы, программист, маркетинг, психолог және жазушының қасиеттерін сіңіру тиіс.

Әлеуметтік желілердің интернет кеңістігіне енгеніне көп уақыт болмаса да қоғамдық өмірге үлкен өзгеріс әкелгені, әлемде үлкен резонанс туғызғаны аян. Бұл терминнің шығу тарихы бар. Себебі оның әлеуметтану саласында қолдану барысын таныған сайын, желілер жайындағы базалық теорияны, сонан соң оның виртуалды ортадағы салмағы мен желілік өзара әрекеттестік түрлерін де өлшеуге мүмкіндік аламыз. Ең алдымен әлеуметтік желілерді акторлардың (индивидтер немесе топтардың) бір-бірімен немесе топтар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынасының, ілгерінді-кейінді үдерістік байланысының әлеуметтік құрылымы деп түсінгеніміз абзал.

Әлеуметтік желі тұлғалардан және топтардан (ұйымдардан) тұрады және оны әлеуметтік желінің «түйіндері» деп атайды. Түйіндер арасындағы байланыстың басын ниеттестік, пейілділік, мүдде (әріптестік) бірлігі, діни сенім бірлігі сияқты ортақ мүдделер біріктіреді. Әлеуметтік желідегі осындай әрі психологиялық, әрі технологиялық ұғымдар жан-жақты сараптауды талап етеді. «Әрбір адамның айналасында өзіне тиесілі достарынан құралған шеңбері болады, ал, ол достардың өздеріне жақын достары болуы мүмкін. Бір адамның досы екінші бір адамның досын тануы мүмкін, ал енді бірі танымайды. Мен осындай қатынастан құралған әлеуметтік өрісті желіге ұқсатар едім. Бұл жерде араларын бір-бірімен өзара байланыстырып тұратын түйіндер жүйесін де байқаймын. Бұл жүйенің түйіндері – адамдар (сол қоғамның беделді тұлғалары). Ал сол түйіндер арасын қосатын сызық болса, адамдардың қандай екенін және бір-бірімен қалай өзара әрекеттесетінін көрсететін белгі» [1,42-б]. Біздің байқауымызша, бұл жерде әлеуметтік құрылым мен ондағы жағдайлардың сипатын зерттеуге арналған социограмма да, әлеуметтік желі ұғымы да қоғамдағы шешуші тұлғалар арасындағы байланыстарды анықтауға арналған тәжірибеден туындағаны анық. Олай болса, қоғамдағы әлеуметтік құрылымды зерттеу үшін ойлап тапқан әлеуметтік желі жүйесі қазақ ұлтының бірегейлігі (идентификациясы) ретінде қабылданған жүздік және рулық жүйесіне негізінен сай келуі адамды таң қалдырмай қоймайды.

Әлеуметтік желі идеясының 1950-1960 жылдары әлеуметтану, әлеуметтік психология, коммуникация және экономика сынды пәндерге қатысы да жыға таныла бастады. Әсіресе Дж. Клайд Митчелл, этнограф С.Ф. Надельдің әлеуметтік желі турасындағы еңбектері мен ойлары терминнің ғылыми айналымдағы мәртебесін одан әрі нығайта түсті. Ал 1960-1970 жылдары Гарвард университетінің ғалымдары да бұл жаңалықты жедел қабыл алып, Барнстың бастамасын өз тәжірибелерінде кеңінен қолдануға көшті. Олар қоғамның әлеуметтік құрылымын зерттеу үшін әлеуметтік желілерге сараптама жүргізе бастады. Осы ізденістер көп ұзамай өз нәтижесін берді, 1969 жылы өмірге келген әлеуметтік психолог С. Милгрэмнің «алты рет қол алысу» (немесе алты дәрежелі) атты атақты қисыны осы әлеуметтік желі теориясының жемісі болып саналады. Оның айтуы бойынша, әлемнің бір шетіндегі кез келген адаммен оның екінші шетіндегі адам арасында алты адамның қол алысатынындай немесе бес адам айналасында топтасқан әлеуметтік топтардай ғана ұзақтықта орналасқан.

Бір қауымның яки бір мемлекеттің қоғамдық, саяси, әдебиеті мен мәдениетінің үлгілері ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде қалып отырады. Мұндай процесті әлеуметтік ғылым саласында тұлғаның әлеуметтенуі дейді. Ақпарат құралдары қалыптасуының кезеңдік генезисін және оның адамзат өміріне ақпараттық ықпалын толық түсіну үшін тарих ғылымы

саласында жататын «Анналдар мектебі» («Жылнамалар мектебі») екінші кезеңінің көрнекті өкілі, француз ғалымы Фернан Броделдің теориясына жүгінеміз. Ол өзінің «The Mediterranean and the Mediterranean World in the Age of Philip II» («Филипп II заманындағы Жерорта теңізі жағалауы және Жерорта теңізі әлемі») атты еңбегінде тарихты үш уақыт дәрежесіне бөліп қарастырады: біріншісі – географиялық дәреже, қоршаған ортаның өзгерісі өте баяу, онша байқала бермейтін тарихи циклдер. Екінші дәрежеге ол ұзақ мерзімді әлеуметтік, экономикалық және мәдени тарихты жатқызады. Мұнда, географиялық дәрежеге қарағанда, уақыт жүрісі ширағырақ. Бродель қоғамдағы өзгерістерді, ондағы өзгерістердің белгілі бір шаблондарын анықтау үшін, көптеген ақсүйек әулеттерінің даму және құлдырау жолдарын анықтау үшін екі-үш жүз жылдықтарға мән беру керек екенін алға тартады. Үшінші дәрежені, ғалым адам аттарына байланысты тарих деп біледі [2,20-6]. Біз де бүгінгі таңда ақпарат айналымы мен журналистік қызметте ерекше құбылыс саналатын Интернет журналистика немесе әлеуметтік желілердің қоғам өміріне әсерін Бродель ұсынған тарихи уақыт дәрежелеріне сүйене қарастырамыз, соның ішінде коммуникация тарихына ұзақ мерзімді әлеуметтік, экономикалық және мәдениет тарихы тұрғысынан үңілуді жөн көреміз. Себебі БАҚ тарихындағы әрбір жаңа құбылыс қоғамда қалыптасқан қағидаларды бұзып-жарып, түбегейлі өзгеріс енгізіп, тіпті қоғамы қатынастарда жаңа тәртіп орнатуға дейін әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, бұл әлеуметтік-мәдени-технологиялық құбылыстар да «Анналдар мектебінің» өкілі Бродель ұсынған аристократтар немесе әлеуметтік топтар іспетті пайда болып, дамып, уақыты келгенде басқа әлеуметтік-мәдени құбылыстарға трансформацияланып, жаңаша тұрпат алып отырған. Бұл идеяны Ф. Уильямс, С. Стровер, Н. Негрепонт, Дж. В. Павлик және А. Грант сынды масс медиа теоретиктері де құптайды. Олардың бірі: «жаңа медианы ақпарат таратуда микроэлектроникалардың, компьютерлердің және телекоммуникациялардың жаңа қызметтер ұсынуы немесе ескісін жаңалап беретін қосымшалары» - десе, [3,84-6], Екіншісі, «жаңа мен ескі медианың ең басты айырмашылығының бірі ол – ақпарат таратуда физикалық атомдарың орнын сандық биттердің алуы», - дегенді айтады, үшіншісі болса: «ақпарат қолданушысы үшін ескі мен жаңа медиа арасындағы негізгі ерекшелік – таңдаудағы әралуандылық пен басқару мүмкіндігіне иелілік», - деген тоқтам жасайды.

Бұқаралық немесе, бүгінгі тілмен айтқанда, масс коммуникацияның алыс-жақын тарихына көз жүгірткен коммуникация құралдарының тарихын еврокіндіктік танымдағы Батыс зерттеушілері мен антрополог-ғалымдары адамзат тіршілігіне үлкен өзгеріс әкелген құбылыстарды өзара байланысты үш кезеңге бөліп қарастырады.

Бүгінгі ақпарат тұтынушы көретін бағдарламаларын өзі таңдап қана қоймай, контентті өзі де жасай алатын қауқарға ие болды. Олар мәтін, фото, бейне роликтерді жүктей отырып, басқа көрерменге өз қызметтерін ұсына алады. Сондықтан, ақпарат алмасудағы осы қасиеттер мен адамзаттың өркендеу тарихындағы ерекше орын алған мәдени дәуірлерде өмір сүріп отырмыз.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

Barnes J. Class and committees in a Norwegian island parish // Human Relations. - 1954. - №7. - 39–58 pp.

Wellman B., S.D. Berkowitz (eds.) Social structures: A network approach Cambridge. New York: Cambridge University Press, 1988. - 513 pp.

Гилёва А. Медиум и его месадж (эл. ресурс). – Справочный сайт countries.ru. – [www.countries.ru/library/era/cv.htm](http://www.countries.ru/library/era/cv.htm)